Билер көмегі отбасы мүшелерінің, ерлі-зайыптылардың, көршілердің арасында туындаған дауларды реттеуге таптырмас құрал екенін көзім жетті. Өйткені ақсақалдар жергілікті халықты жақсы таниды, өздерінің өмір тәжірибелеріне сүйене оларға ақыл-кеңес бере отырып тараптарды татуластыра алады. Жасы үлкенді сыйлаған халықпыз, сондықтан тараптар заң тілімен сөйлеген жас судьяның айтқанына қарағанда, өмірде көргені көп ақсақалдың уәжіне тез иланады. Мысалы он бес жыл көрші тұрған екі құрбы өзара туындаған кикілжіңге бола бірін-бірі ғаламтор арқылы балағаттаған. Мұнымен қоймай бұған отбасы мүшелерін араластырған. Соның салдарынан айрандай ұйып отырған екі әулеттің адамдары бір-бірімен қарым-қатынастарын үзіп, адвокат жалдап, Қылмыстық кодекстің 131-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту жөнінде жергілікті полиция бөліміне арыздаған болатын. Полиция бөлімінде арызды тексергеннен кейін, екі жақ татуласпағандықтан, жеке айып ретінде қылмыстық іс аудандық соттың қарауына жолданған болатын.

Қылмыстық іспен таныса келе аудандық сот екі көршіге де айыптау үкімін шығаруға тиісті еді, себебі екі айыптаушының да қолдарында ғаламтордағы әлеуметтік желі арқылы бірін-бірі балағаттаған сөздері тайға таңба басқандай көрініп тұр. Басында аудандық соттың судьясы екі жаққа Қылмыстық кодекстің салдарын түсіндіру арқылы, оларды татуластыруға тырысты. Тараптар бұған илана қоймаған соң, іске Билер кеңесінің мүшелерін - ақсақалдарды қатыстырдық. Ақсақалдар екі жақты тыңдай келе, оларды бір мәмілеге келтіріп, ақылдарын айтып татуластырды.

Бұл дегеніміз осыншама отбасы қылмыстық құқық орбитасынан құтқарылды, жауапкершіліктен босатылды, қоғамымыздың берік болуына септігін тигізді. Сонымен қатар, билер отбасылық қарым-қатынасқа қатысты азаматтық істерге және әкімшілік істерге қатысып, тараптардың татуласуларына, олардың болашақта ұрыс-керіске бармауына., отбасы құндылығының сақталуына зор ықпал етті. Тату отбасынан келешекте мемлекетіміздің өркендеуіне елеулі үлес қоса алатын, қайырымды, жігерлі, үлгілі болашақ күтуге болады.

Шешіммен келіспеген жақ аудандық сотқс шағым түсіре алады. Бұл шешім орындалуғс міндетті, орындалмаған жағдайда аудандық ссг атқару парағын шығарып, сот орындаушысынс жолдайды.

Еліміздің жер-жерлерінде осындай Билер кеңесінің құрылып, жұмыс істеп жатқаны бұқаралық ақпарат көздерінен белгілі. Билер кеңесі насихаттау және материалдық жағынан жергілікті атқарушы биліктің қолдауын қажет етеді. Қазіргі уақытта бұл институт тек соттардың қолдауымен халыққа кең таралып келеді.

Қазіргі уақытта азаматтар сот жағаламай, ара-ағайын салып дау-дамайларын Билер кеңесінің көмегімен шешіп, өзара татуласып жатса ұлтымыздың амандығына, мемлекетіміздің беріктігіне өз үлестерін қосар еді.

**А.С. Хасенова**
**Нұра аудандық сотының судьясы**

*Бала және отбасы*



# Патронаттық тәрбие

Бала асырап алу, қамқоршылық және патронат - ерекше жауапкершілік пен байыпты көзқарасты қажет ететін қатынастардың түрлері. Баланы патронаттық тәрбиелеу туралы шешім қабылдаған кезде моральдық және материалдық жағынан ғана емес, заңды түрде де дайын болу керек.

Патронат-ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берілетін тәрбие нысаны. Патронаттың басты артықшылығы-бала отбасылық ортаға түсіп, толыққанды күтім, қамқорлық пен назар алады, отбасында өмір сүру тәжірибесін, тәуелсіз өмір сүру дағдыларын игереді. Бұл форма ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көптеген балалардың тағдырын нақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Бұл форманың негізгі мақсаты-баланы әлеуметтендіру, отбасында өмір сүру тәжірибесін алу.

**Патронатты ресімдеу өте оңай, қорғаншылық органы мен тілек білдірген азамат арасында шарт жасалады.**

**Шарт мыналарды көздейді:**

баланы (балаларды)ұстау, тәрбиелеу және оқыту шарттары;
Патронат тәрбиешілердің құқықтары мен міндеттері;
органның патронат тәрбиешілерге қатысты міндеттері;
шартты тоқтатудың негіздері мен салдары.

**Баланы отбасына орналастыру рәсімі**

Патронат кәмелетке толмаған жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға (бұдан әрі – бала (балалар)), оның ішінде білім беру ұйымдарындағы, медициналық немесе басқа да ұйымдардағы балаларға белгіленеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген баланы қоспағанда, қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) бала (балалар) патронаттық тәрбиелеуге беріледі.

Бір отбасының балаларымен байланысты жағдайларды қоспағанда, патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге берілетін балалардың жалпы саны үш баладан аспайды.

**Балаларды патронаттық тәрбиелеуге беруді ұйымдастыру**

Патронат тәрбиешілер тек екі жыныстағы кәмелетке толған адамдар ғана бола алады, қоспағанда:

1) көрсетілетін қызметті алушының кәмелет жасқа толмауы;
2) соттың көрсетілетін қызметті алушыны әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы;
3) соттың көрсетілетін қызметті алушыны ата-ана құқықтарынан айыруы немесе соттың ата-ана құқықтарын шектеуі;
4) өзіне Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін орындаудан шеттетілуі;
5) бұрынғы бала асырап алушылардың кінәсі бойынша бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі;
6) көрсетілетін қызметті алушының қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін ауруының болуы;
7) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тұратын жерінің болмауы;
8) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған соттылығының болуы, сондай-ақ осы тармақтың 13) тармақшасында аталған адамдар;
9) көрсетілетін қызметті алушының азаматтығының болмауы;
10) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқығынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын ер жынысты адамның өтініші;
11)қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде көрсетілетін қызметті алушының қамқорлыққа алынушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысының болмауы;
12) көрсетілетін қызметті алушының наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұруы;
13) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдар (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);
14)Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген көрсетілетін қызметті алушылар (баланың жақын туыстарын қоспағанда);

**Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ-сы қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған кезде бір реттік пароль арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және ақшалай қаражат төлеуді тағайындау туралы өтініш;
2) егер көрсетілетін қызметті алушы некеде тұрса оның жұбайының (зайыбының) келісімінің электрондық көшірмесі;
3) "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АХАЖ АЖ) не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мәліметтер болмаған кезде неке қию туралы куәліктің электрондық көшірмесі;
4) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (тұрғын үйге меншік құқығы болмаған жағдайда);
5) "Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес көрсетілетін қызметті алушының және егер ол некеде тұрса оның жұбайының (зайыбының) ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде тіркеуде тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;
6) білімі туралы мәліметінің электрондық көшірмесі;
7) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың дайындықтан өткені туралы сертификаттың электрондық көшірмесі (баланың жақын туыстарын қоспағанда);
8) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда дербес шоттың ашылуы туралы шарттың электрондық көшірмесі;
9) туыстарының, өгей әкесінің (өгей шешесінің) балаға (балаларға) туыстық фактісін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басын растайтын құжаттар, некеге тұру туралы куәлік туралы мәліметтерді ("АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда), көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса, "Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № ҚР ДСМ-49/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20665 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтаманы, көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) тұрғын үйге меншік құқығының бар екендігін растайтын құжаттары, білімі туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) білім беру ұйымында оқуы туралы анықтаманы (мектеп жасындағы балалар үшін), екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда ағымдағы шот ашу туралы шарт жасасқанын растайтын мәліметтерді көрсетілетін қызмет беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мен жұбайының (зайыбының) соттылығының болуы не болмауы туралы мәліметтерді (егер некеде тұрса) көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық жүйесінен алады.

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар кодекстің 122-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды туыстарына, өгей әкелеріне (өгей аналарына) патронаттық тәрбиеге береді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

Патронат тәрбиешілерге ай сайын мынадай мөлшерде жүргізіледі: мектеп жасына дейінгі бір бала үшін – 9 АЕК, мектеп жасындағы бір бала үшін – 10 АЕК.

Патронаттық тәрбиеші болғысы келетін азаматтар білім бөліміне 8(72144)79037 телефоны бойынша хабарласа алады.

**Г. С. Ахметова**
**Білім бөлімінің бас маманы**

*Тағзым*

## Искакова Құлбаршын Әубәкірқызы



2023 жылы 7 қараша күні 70 жасында әріптесіміз, терапевт **Искакова Құлбаршын Әубәкірқызы** өмірден өтті.

Құлбаршын Әубәкірқызы 1953 жылы 17 мамырда Байтуған ауылында дүниеге келген. 1979 жылы "педиатрия" мамандығы бойынша ҚММИ бітіргеннен кейін еңбек жолын Нұра ауданының Урожайный ауылдық дәрігерлік амбулаториясында бас дәрігер болып бастады. Құлбаршын Әубәкірқызы 2017 жылға дейін еңбегінің көп бөлігін орталық аудандық ауруханасында дәрігер-терапевт болып қызмет атқарды.

Құлбаршын Әубәкірқызы дәрігерлік қызметін 37 жыл атқарды. К.А. Искакова білікті, сауатты маман, 1 санатты дәрігер-терапевт болды. "Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін" төсбелгісімен марапатталған. "Нұра ауданының аудандық ауруханасы" КМК қызметкерлері жадында Искакова Құлбаршын Әубәкірқызы мейірімді, жанашыр және жарқын адам ретінде қалады. Аудандық аурухана ұжымы туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

**"Нұра ауданының АА" КМК ұжымы**

*Тағзым*

## Жақсының жүзі жарқын



Адал, аққөңіл жолдасымның және туысымның бірі еді қайран Нұрмұханбет.

Нұрмұханбет Жолдыбайұлы жылдың қараша айының 21 жұлдызында Нұра ауданынының Черниговка, қазіргі Көбетей ауылында Скандаров Жолдыбай (1924-1971) ағамыз бен Жамиқызы Дәркен (1932-1997) анамыздың шаңырағында дүниеге келген екен. Әкесі Жолдыбай ағамыз соғысқа қатысқан, Нұра ауданының Нұра кеңшарында бас бухгалтер, ақырғы жылдары селолық кооперацияның төрағасы болды. 47 жасында көлік апатынан дүниеден өтті. Даркен апамыздан бала кезімізден тәлім- тәрбие алып, дастарқанында отырып қолынан талай дәм тартқанмын. Апайдың үйінде болған кездерімде ол кісінің күйгелектеп күйінген, әйел болып артық сөйлегенін көріп естімедім. Бәрін ақылға жеңдіріп, сабырмен салмақтайтын. Осы кісілердің (үлкен ұлдары тірі болса, биыл 21 қарашада 70-ке келеді екен) дүниеден өткеніне 15 жыл болыпты. Нұрмұханмет 21 қараша 1953 жылы Көбетей ауылында дүниеге келіп, 9 мамыр 2009 жылы 56 жасында қайтыс болды. Туған ауылындағы сол кезде Калинин атындағы, қазіргі Асубаев атындағы жалпы білім беретін мектепті 1971 жылы бітіріп, 1972-74 жылдары бітіріп, Кеңес Армиясы қатарына алынып, Мәскеу қаласында әскери борышын атқарып, 1979 жылы Жанагүлмен сөз жарастырып, шаңырақ көтерді. Қазіргі уақытта әкелерінің жоқтығын білдірмей, Жанболат, Әсемгүл, Динара есімді балалары бар. Міне, бүгін 26 қарашада осы балалары әкелерінің 70 жасқа толуы мен дүниеден өткеніне 15 жыл толуымен ас беpейін деп жатыр. Қарағанды қаласында ішкі істер саласында қызмет атқарды.

Ақ жарқын, жайдарлы мінезімен дос- жарандарының арасында сыйлы болған әкелерінің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, рухтарына дұға тілеп, тағзым етемін.

Ажалдан құтылмайды ешкім деген,<br>
Өтіпті-ау атқан оқтай он бес жыл деген.<br>
Өзіңнің жарқын бейнең есімізде,<br>
Уақыт қанша өтсе де өштірмеген.

Азамат ең белгілі елге есімің,<br>
Мамықтан болсын мәңгі жер бесігің.<br>
Соңында ұрпақтарың ұмытпайды,<br>
Дұға қып, қолын жайып, енді осы күн.

**Еске алушылар: Ахметжановтар әулеті.**

*Тағзым*

## Жүректі сағыныш сазы тебірентеді





Осыдан 30 жыл бұрын желтоқсан айындағы жегідей жеген күйік оты естен кетер емес... Осы күні асыл жан, ардақты ана, мейірімді әже Шақабаева Әсимәдан айырылып, сұм ажалға шара болмай, дәрменсіз жасымызды тыя алмай аһ ұрған едік.

Ел ортасында уақыт пірім қандай болмасын жараны жазады екен... Бүгінде Айдос, Жандос, Абай, Жазира, тағы басқа немерелері мен жиендерінің өздері есейіп, балапандары қанаттанып, ержетіп, бір-бір отау құрып, қызмет жасап жатыр.

30 жыл деген уақыт екен, тірі тіршілігімен болады. Бірақ сол бір күндер елесі аластаған сайын ана, әке келбеті кесектене түседі, жүректі сағыныш сазы тебірентеді.

Анамыз Әсимә жайдары, жазира жан еді. Бүкіл өмірін әкеміз Өтегенұлы Айтжанмен қол ұстасып, иін тірестіріп, қайнаған қол еңбегінің ортасында өткізді. Ыстыққа да, суыққа да төзімді, маңдай терді төгіп, отбасы қамын ойлады. Екеуінен он бала туып өрбіді. Ал бұл айтуға ғана жеңіл. Асырап-сақтау, оқытыптәрбиелеу оңай болып па?! Әрине, түсінген адам тереңдікке бойлайды, мұның астары қандай қамқорлық аясын қамтитынын байқайды.

Өкінішке орай, анамыз дүние салған соң, әкеміз де көп ұзамады. Алланың жазуы ма, араға небәрі 3 жыл салып, сол желтоқсанның желкенді күндерінің бірінде бақилыққа аттанды. Арасында 1-ақ күн айырмашылық болды. Зымыраған уақыт... Әкеміз Айтжанға 27 жыл. Асыл әке, мәңгі есте жарқын жүзі, дидары! Екеуін де өзіміз боп, ел болып аялап шығарып салған едік. Иншаллаһ, орнында бар оңалады дейді ғой. Уақыт өткен сайын асыл жандарды жиі-жиі еске алып, дұға оқытуға тырысамыз.

Желтоқсан келе сағыныш сазы мазалайды. Бүгінде анамыз Әсимәні, әкеміз Айтжанды сағынышпен еске алып, құран бағыштаймыз. Аруақтардың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Алла қабірлерін нұрға бөлеп, иман байлығын берсін.

Біз сіздерді ешқашан ұмыпаймыз, жарқын бейнелеріңіз әрқашан да көз алдымызда жүреді, Алланың асыл қазынасы, аяулы ана, тау тұлғалы азамат, төредей болған ардақты әке.

**Сағыныш сазын жеткізіп, балаларының, немерелерінің және жиендерінің атынан еске алуды ұйымдастырған Атымтай мен Қоңыр, КЕРТІНДІ АУЫЛЫ.**

## Көңіл айту

Нұра ауданының білім беру бөлімі, Нұра ауданының кәсіподақ ұйымы және М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектепте биология пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған және қазірі танда зейнеткер - ұстаз

**Айтжанов Мейірхан Айтжанұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасы және туған - туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

*Тағылым*

# Кеңестік дәуірде тиым салынған қазақ кітаптары



Тарих ғылымының қатаң ұстанатын-қағидаттарының бірі — тарихи оқиғалар мен құбылыстарды кезең — кезеңге бөліп, сол заманның сипатты белгілерін дөп басып көрсету. Сол сияқты тарихта терең із қалдырған айтулы оқиғалардың бірі 1937 жылдың бізғарлы ескен сұрапыл зұлыматының зардабы мен салдары болып есептелінеді. Сол уақыттың қаншалықты қиындыққа толы болғандығын бірі білсе, бірі біле бермейді.

Әрине, тағлымы мен танымы зор сол кезеңнің қазіргі ұрпаққа берер өнегесі мол екендігіне ешкім дау айтпайтын шығар. Осы тарихи-танымдық мақаланы жазудан негізгі мақсат-жас ұрпақты тарихи тұрғыдан тәрбиелеу, өткен ғасырдың 37 жылдарынан бастап саяси қуғын-сүргінге ұшырап, Кеңес Одағының зұлымдығына қарсылық көрсеткен бетке ұстар азаматтардың еңбектерін таразылау және олардың қазақ тарихының жадында алатын ерекше орнын жаңарту. Осы тұрғыдан Н.Ә. Назарбаев: «Тоталитаризм қапасында өмірі қиылған жандардың, сондай-ақ бастан кешкен қасіреті өле-өлгенше санасында жаңғырып, сол қорқынышты шындықты бізге жеткізген, азап көрсе-де, аман қалу бақытына ие болған жандардың қай-қайсысы да біз үшін ерекше қымбат, айрықша қастерлі. Олар ұрпақ санасында мәңгі өмір сүреді» — дей отырып олардың есімдері мәңгі жүрегіміздің төрінде болатындығын тағы бір рет дәлелдеп өтті.

Тағы бір атап өтетін жайт, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасқан және оның жетекшілері 1917 жылы «Алаш» партиясын құрып, Алашорда қозғалысын басқарған қазақ зиялыларына қарсы жаппай моральдық қуғын-сүргін ұйымдастырылды.

Сол уақыттарда тек Алашорда қайраткерлері ғана емес, сонымен қатар С.Сәдуақасов., С.Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С.Меңдешев, С.Қожанов сынды кеңестік билікті жақтаған және партия қайраткерлері де моральдық тұрғыдан қыспаққа алынып, олардың қазақ халқын сауаттандыру мақсатындағы жазған оқулықтары мен еңбектерін тәркілеп, кітапхана сөрелерінен бір жолата алынып тасталынды. Дегенмен осындай қиын-қыстау күндерді басынан өткерген қазақ зиялылары өздерінің алдына қойған мақсатынан таймай, керісінше, келешек ұрпақтың қамын ойлап, өз жандарын осы ізгі жолда пида еткен.

Кеңес Одағы кезінде тәркіленген кітаптардың басым көпшілігі өртеніп, ал кейбір оқылықтар халық қолында сақталып, біздің кезеңімізге дейін жетті. Қазіргі таңда ата-бабамыздан қалған құнды мұраларымыз еліміздің кітапхана сөрелері төрінен орын алған. Сол кітапханалардың бірі «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы болып табылады, онда 6 миллионға жуық кітаптар сақталуда. Бұл кітапхана қазіргі кезде түрлі кезеңге тән жазба жәдігерлеріміз бен құнды мұраларымызды қалың халыққа жеткізу жолында аянбай еңбек етуде.

Сонымен қатар «Ғылым ордасы» РМК Сирек кездесетін кітаптар мұражайы да тарихи мұраларымызды болашақ ұрпаққа жеткізуді өзінің еншісіндегі міндеттердің бірі деп есептеп, осы асыл да, қасиетті жолда аянбай қызметтер атқаруда. Атап айтқанда, «Кеңес Одағында тыйым салынған қазақ кітаптарының» көрмесі атты экспозициялық көрме ұйымдастырылып, Алаш Орда қайраткерлерінен бастап, қазақтың «елім» деген ірі зиялыларының сол кездерде тәркіге ұшыраған кітаптары көрме сөресінен орын алды. Мысалы: Асфендияров С. «Очерки истории казахов». — Алма-Ата: Казиздат,1935; Әлібаев А. Грамматика. Үлкендер үшін арналған. — Алматы: Қазбас,1935; Әлібаев А. Шахтер мен пионер. — Қызылорда: Қазбас, 1935; Жансүгіров І. Жолдастар. — Алматы, 1935; Жансүгіров І. Колхоз тойы. — Алматы, 1934; Құлымбетов Ұ. Қазақстанды аудандандыру. — Қызылорда, 1928; Беков О. Капля крови для великого дела. — Қызылорда, 192; Байтұрсынов А. Қазақша әліппе. Оқу құралы. — Орынбор, 1914; Тоғжанов Ғ. Новая общественность.- Қызылорда,1935; Тоғжанов Ғ. Екі жастың әңгімесі. — Қызылорда,1926; Шонанұлы Т. Қазақ тілінің оқу құралы. Алматы, 1933; Шонанұлы Т. Жаңалық. Алматы, 1932; Майлин Б. Ел мектебі. Қызыл-Орда, 1926; Майлин Б. Сауаттандырғыш. — Алматы,1935; және т.б.

Аталмыш мұражайдың құрылғанынан төрт жыл болғанына қарамастан, оның қорында бес жүзден астам аса сирек қолжазбалар мен кітаптар сақтаулы және оларды зерттеу, жинақтау, түгендеу саласында да бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Көптеген ғылыми еңбектермен терең ізденістер нәтижесінде Сирек кездесетін кітаптар мұражайы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті 2012–2014 жж. гранттық негізде қаржыландырған ғылыми жобалар байқауында үш бірдей: «Қазақстан және Ресей кітапханалары, мұрағат және музей жинақтарындағы қазақ кітабы (XIX–XX ғ. басы): тарихи-деректанулық зерттеулер»; «Жазба деректеріндегі далалық дипломатия көріністері (XIII–XVIII ғғ.)»;«Орталық Азия ғұламаларының фатуалары және тарихи деректік маңызы» атты ғылыми-зерттеу жобасын ұтып алып, ел тарихына қатысты терең әрі жан-жақты зерттеулер жүргізіп келе жатыр. Мұражайдың ғылым жолында қол жеткізіп жатқан осындай жетістіктері ел тарихының жоғары дәрежеде дамуына өз үлесін қосатынына сенімдіміз.

**Дереккөз: QAZAQSTAN TARIHY**

## *Құттықтаймыз!*



**Құрметті Гүлбағдан Ермекқызы!**

Сізді келе жатқан мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, ақ ниетпен мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас күш-қайрат тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз арта берсін. Әрдайым деніңіз сау, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Той-думан болсын өміріңіз сарқылмайтын,
Бақыт берсін ешқашан таусылмайтын.
Тілейміз сізге саулық, ұзақ ғұмыр,
Орындалсын ой-арман, тілегіңіз.

**Игі тілекпен: жолдастары.**

## Благодарность

Уважаемые Прокоп Георгий Георгиевич, Алибеков Ербол Нагидуллинович!

Поздравляем Вас с наступающим Днем Независимости республики Казахстан! Желаем крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, семейного благополучия, успехов во всех начинаниях!

Мы, люди старшего поколения, рады и гордимся, что у наших детей, внуков, правнуков есть прекрасные ФОК, дошкольные учреждения, школы, где они развиваются, растут.

Желаем, чтобы все усилия и вложения в благоустройство села, создание комфортной среды проживания были оценены всеми жителями по достоинству.

В канун праздника мы желаем дальнейшего процветания нашему селу и государству в целом! Пусть такие общечеловеческие ценности, как уважение, межэтническое и межконфессиональное согласие, доброта, тепло и гостеприимство, всегда остаются отличительными чертами характера нашего народа.

**С уважением пенсионеры села Шахтерское В.И. Янина, Н. Головастая, Г. Максутова, З. Кожакпарова, Н. Векшина, О. Мангушева.**

*Тіл-тұғыр*

# Үш тұғырлы тіл саясаты – ел білімін таныту жолы



"Өз тілің – бірлік үшін, Өзге тілің – тірлік үшін" деп бекер айтылмаса керек-ті. Мен «тұғырлы» тіл ретінде таңдалған, қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде сұранысқа ие болып жатқан ағылшын тілі туралы айтқым келеді. Неге ағылшын тілі? Оның маңыздылығы сол - ең көп таралған тіл болып саналады. 450 миллионнан астам адам оны өз үйі деп санаса, 600-650 миллион азамат қарым-қатынас үшін ағылшын тілін қосымша тіл ретінде қолданады. Бүгінде ағылшын тілі қарым-қатынас қана емес, заманауи технология тіліне айналды. Ноутбук, компьютер, сканер, смартфон және басқалары сияқты бізге таныс сөздер ағылшын тілінен шыққан. Қазіргі кезде кез келген сайт немесе бағдарлама құру үшін код ағылшын тілінде енгізіледі. Алпауыт, экономикасы дамыған елдермен тәжірибе алмасу үшін де ағылшын тілі – таптырмас құрал.

Сонымен, еліміздің болашағын үш тілді меңгерген білімді ұрпақпен байланыстырсақ, әрбір жеке тұлғаның болашағы, ең алдымен, өз мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін – білім», -деп ұлы жазушымыз М. Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім – барша әлем тыныс-тіршілігінің алғашқы іргетасы. Бүгінде мектепте ағылшын тілін үшінші сыныптан бастап оқытады. Оқу кабинеттері де заманауи.

Қазіргі таңда мектебімізде тілді коммуникативтік оқыту мәселесіне ерекше назар аударылады. Коммуникативтік оқыту технологиясы дегеніміз – пікір алысуға негізделген әдістеме. Коммуникативтік әдіс мұғалім мен оқушының арасындағы психологиялық кедергіні бұзады. Сондықтан, ағылшын тілін оқытуда коммуникативтік оқыту әдістемесін қолдану – оқушылардың сөздерді грамматикалық тұрғыдан бір-бірімен дұрыс байланыстырып, еркін сөйлей білуіне мүмкіндік береді. Себебі, тілді оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету.

«Білекке сенер заманда–ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда – қапы қалып жүрмейік», - деп Абылай хан айтып кеткендей, ертеңгі күннің болашағы бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән екенін естен шығармайық! Білім мен ғылымның, экономиканың, бизнестің, саясаттың, жалпы бәсекелестіктің қарыштап дамып отырған бүгінгідей жаһандану кезеңінде үш тілді білу қажеттілігі туындады. Әсіресе, өскелең ұрпақтың алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Олай болса, бүгінгі Қазақстан азаматтарының парызы – «өзге тілдің бәрін біліп, мемлекеттік тілді құрметтеу» деп білемін.

**А.С. Болатхан**
**М.Жұмабаев атындағы**
**ЖББ мектебінің ағылшын тілі**
**пәнінің мұғалімі**

*Спорт*

# К профессиональному празднику



19 ноября на спортивной площадке воздухоопорного сооружения стадиона Нура прошли соревнования по настольному теннису, посвященные профессиональному празднику - Дню работников сельского хозяйства, пищевой и перерабатывающей промышленности, организованные отделом физической культуры и спорта совместно с отделом сельского хозяйства Нуринского района.

В соревнованиях приняли участие лучшие теннисисты нашего района, ветераны спорта, участники областных турниров. Среди них Аркенов Асылбек, Алпамыс Амирхан, Александр Гордиенко, Дархан Жанабылов, Василий Оноприенко, Урал Мазитов, Кордабай Еркебулан, Николай Плаксин, Адилет Жаксылык, Ушев Айдос.

По итогам прошедших соревнований I место занял А. Аркенов, II место – А. Ушев, III место – Е. Кордабай. Главным судьей турнира являлась тренер ДЮСШ А. Есен. Победителям турнира вручены памятные подарки и призы.

Спонсором соревнований выступило ГУ «Отдел сельского хозяйства Нуринского района».

**Д. Швецов**


"Тайқазан" мейрамханасы халыққа банкет және шағын банкеттер өткізу бойынша қызмет көрсетеді. Тағамдардың жаңа ассортименті және икемді төлем жүйесі қарастырылған. Сондай-ақ тапсырыс беруге арналған өнімдерді (бауырсақ, шелпек, гриль, пицца және т.б.) өндіреді. Тел.: 22699, 87776760951.

Ресторан «Тайқазан» предоставляет услуги населению по проведению банкетов и мини- банкетов. Новые ассортименты блюд и гибкая система оплаты. Также производит продукцию на вынос (бауырсаки, шелпеки, гриль, крылышки, пицца и т.д.). тел.: 22699, 87776760951.

Продается дом в п. Нура по адресу: ул.Мынбаева, 11.
Имеются огород, хозпостройки, гараж, центральный водопровод.
Тел.: 87055817974

Продается 5-тикомнатный дом-особняк со всеми удобствами по адресу: ул. М. Ауезова, 13 (Старчева, 13) с мебелью. Имеется большой земельный участок, на территории - летняя кухня, гараж, хоз постройки, крытый сеновал. Санузел, вода проведена в дом, большой огород. Печь недельная.
Тел.: 21647, 8700 569 06 37.



**Газет аптасына 1 рет шығады**
**Индексі 65421**
**Тиражы 390**
**Тапсырыс 46**

Меншік иесі: **"Нұра" аудандық газетінің редакциясы ЖШС**
Қазақстан Республикасы Ақпараттық және Қоғамдық даму министрлігінен Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 10 карашасында қайта есепке қойылып № KZ83VPY00081567 куәлігі берілген

Бас редактор: **Тазагүл ПІШЕНБАЕВА**
Индекс: 100900
Мекенжайымыз: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 8а үй.
Электронды адрес: **nuratany@mail.ru**
Телефондары:
Бас редактор: 8 777 88 99 945
Тілшілер: 21-9-53

Газет ЖШС "Типография Арко" баспаханасында басылған.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15
Телефондары: 41-17-83, 41-17-80
Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ.
Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді